

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Исарай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исарай ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 273-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 тамызда № 3277 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исарай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 295-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исарай аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 295-V шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Салық кодексінің 387-бабы 1-1 тармағына, 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабына сәйкес, Исарай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Исарай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 26 маусымдағы № 264-V "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Исарай ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірынғай жер салығының мөлшерлемелерін және базалық жер салығының мөлшерлемелерін он есеге жоғарылату туралы" шешімі жойылсын.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті
XXXI сессиясы төрагасы

Аудандық мәслихат хатшысы

C. Мендіғазиев

Ж. Кадимов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК